

**2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ТАРИФТІК СМЕТАНЫҢ ЖӘНЕ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ, РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ
МЕН СЕНІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ «ССКӨБ» АҚ-НЫҢ РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ
КӨРСЕТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ ТУРАЛЫ ТҰТЫНУШЫЛАР
МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПKE
БАЯНДАМА**

2026 жылғы 22 сәуірде 2025 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және «ССКӨБ» АҚ-ның реттелетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуі туралы есеп өткізіледі.

Есеп «Табиғи монополиялар туралы» Заңға және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес өткізіледі. Сондай-ақ есеп «Zoom» қосымшасы арқылы онлайн-трансляция ұйымдастырумен бір мезгілде өткізіледі.

Тыңдаудың өткізілуі туралы ақпарат 2026 жылғы 27.03 №12 «Костанайские новости» газетінде жарияланған.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің 2006 жылғы 11 тамыздағы №48-НҚ бұйрығына сәйкес «ССКӨБ» АҚ Қостанай облысы бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөліміне енгізілген және жылу энергиясын өндіру, бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жол ұсыну, сондай-ақ электр энергиясын беру қызметтері бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

БЕКІТІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ССКӨБ» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру қызметтері бойынша 2022–2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы Қостанай облысы бойынша ТМРҚД-нің 2021 жылғы 31 тамыздағы №156-НҚ және Қостанай облысы әкімдігінің Энергетика және ТКШ басқармасының 2021 жылғы 06 қыркүйектегі №137-НҚ «Рудный қаласы бойынша «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамының 2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру қызметтері бойынша инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» бірлескен бұйрығымен бекітілген (Қостанай облысы бойынша ТМРҚД-нің 12.12.2025 ж. №347-НҚ және Қостанай облысы әкімдігінің Энергетика және ТКШ басқармасының 19.12.2025 ж. №128-НҚ бірлескен бұйрығымен өзгерістер енгізілген).

2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның сомасы 799,2 млн теңгені құрайды, ал 2025 жылы жылу энергиясын өндіру қызметтері бойынша жабдыққа күрделі жөндеу жүргізуге нақты шығындар 998 млн теңгені құрады.

Бу және су қыздыру қазандықтарында жылу энергиясын өндіруге арналған отын шығындарының өсуін тежеу мақсатында «ССКӨБ» АҚ филиалы – «Электр станциясы» тарапынан осы жабдықтың пайдалы әсер коэффициентін арттыруға мүмкіндік беретін ауқымды жұмыстар көлемі орындалды.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат осы есептің 1-қосымшасына сәйкес 5-қосымшадағы 1-нысан бойынша ұсынылған.

**РУДНЫЙ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
УӘКІЛЕТТІ ОРГАН БЕКІТКЕН ТАРИФТІК СМЕТАНЫҢ БАПТАР БОЙЫНША ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТ**

«ССКӨБ» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттелетін қызметіне арналған тарифтік смета 2025 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Қостанай облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментінің №271-НҚ бұйрығымен бекітілген.

Бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардың барлық баптары орындалды. Тарифтік смета баптарының басым бөлігі бойынша нақты шығындар тарифтік сметада ескерілген шығындардан едәуір асып түсті.

Жалпы алғанда және жылу энергиясын өндіру қызметтері бойынша тарифтік смета баптары бөлінісінде бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерлерден 5%-дан астам орындалмау жағдайларына жол берілген жоқ.

Шығындардың өсу себептері ретінде материалдардың, отынның қымбаттауы, күрделі жөндеуден кейін негізгі құралдарды енгізу, жөндеу жұмыстары көлемінің ұлғаюы, ағымдағы жөндеулер бойынша қызметтер мен материалдардың құнының артуы, коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі, сақтандыру жарналарының ұлғаюы және т.б. атап өтіледі.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат осы есептің 2-қосымшасына сәйкес Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес 2-нысан бойынша ұсынылған.

**РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН СЕНІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ
ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.**

«ССКӨБ» АҚ үшін реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері және кәсіпорын қызметінің тиімділігі көрсеткіштері уәкілетті орган тарапынан әзірленбеген және бекітілмеген.

Сонымен қатар, 2025 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген күрделі жөндеу жұмыстарын орындау нәтижесінде «ССКӨБ» АҚ негізгі қорлардың тозуын 15,31 %-ға төмендету көрсеткішіне қол жеткізілді.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

2025 жылға Рудный қаласы бойынша жылу энергиясын өндіруге нақты шығындар 11 266,2 млн теңгені құрады, оның ішінде бөгде тұтынушылар бойынша – 7 750,8 млн теңге.

2025 жылы бөгде тұтынушыларға жылу энергиясын өндіру қызметін көрсетуден түскен табыс 3 959,4 млн теңгені құрады.

Осылайша, бөгде тұтынушыларға жылу энергиясын өндіру қызметтерін іске асырудан кәсіпорынның теріс қаржылық нәтижесі 3 791,4 млн теңгені құрады.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ КӨЛЕМДЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

2025 жылы Рудный қаласы бойынша «ССКӨБ» АҚ филиалы – «Электр станциясы» коллекторынан жылу энергиясын босату көлемі 1 281,8 мың Гкал құрады, оның ішінде тұтынушыларға – 881,9 мың Гкал, «ССКӨБ» АҚ-ның меншікті тұтынуы – 400 мың Гкал.

РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТҰТЫНУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

«ССКӨБ» АҚ уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тараптар арасында жасалған шарттарға және қабылданған шарттық өзара міндеттемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

«ССКӨБ» АҚ заңнамаға сәйкес жариялылық және ашықтық қағидаттарын ұстанады, табиғи монополиялар саласындағы өз қызметі туралы жыл сайын тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында тыңдаулар нысанында есеп береді. Тыңдаулар ашық жиналыстар түрінде өткізіледі, мұндай жария тыңдаулардың уақыты мен орны туралы тиісті хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурста жарияланады. Сондай-ақ, Заңмен белгіленген міндетке сәйкес, тұтынушыларды тарифтердің өзгеруі туралы заңнамада белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

2025 жылғы жылыту кезеңі жабдықтардың істен шығуынсыз және Рудный қаласының жылумен жабдықтау жүйесінде ақауларсыз өтті.

Жылыту кезеңі барысында жылу тасымалдағыштың гидравликалық параметрлері жылу магистральдарында, жылу желісінің бақылау нүктелерінде, қысымды арттыру сорғы станцияларында есептік мәндерге сәйкес келді.

2025 жылы тұтынушылар тарапынан көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты шағымдар болған жоқ.

ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ (ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ), ОНЫҢ ІШІНДЕ РУДНЫЙ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ТАРИФТЕРДІҢ ЫҚТИМАЛ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру бойынша бекітілген тарифтер мен инвестициялық бағдарламаны іске асыру негізгі жабдықты техникалық жарамды күйде ұстауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл ретте жылу энергиясын өндіру қызметтерін үздіксіз көрсетуге қол жеткізіледі. Төтенше және күтпеген жағдайларды жоюға тұрақты дайындық қамтамасыз етіледі, жабдықтың жұмыс тиімділігі мен көрсетілетін қызметтердің сапасы арттырылады.

Жаңа бесжылдық инвестициялық бағдарламаны және тарифтерді бекітуге өтінімдерді қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Көрсетілетін реттелетін қызметтердің сапасы туралы ақпарат:

Көрсетілетін қызметтердің сапасы келесілер арқылы қамтамасыз етіледі:

1. Нормативтік талаптарды сақтау
2. Сапаны бақылау
3. Инфрақұрылымның сенімділігі мен жай-күйі
4. Персоналдың біліктілігі
5. Тұтынушылармен жұмыс
6. Энергия үнемдеу және ресурстық тиімділік

Реттелетін қызметтер мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген сапа талаптарын ескере отырып көрсетіледі.

Толығырақ ақпарат www.erg.kz интернет-ресурсында жарияланған.

«ССКӨБ» АҚ-ның 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы ақпарат.

№ р/р	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемі туралы ақпарат					2025 жылғы пайда мен залал туралы есеп (мың теңге)	Инвестициялық бағдарламаның сомасы				Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Әрекеттен инвестициялық бағдарламада қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің ауытқу себептерін түсіндіру	Көрсетілетін реттеліп қызметтердің саласы мен сенімділігі бағалау		
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың жұмыстардың)	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Табиғи көрсеткіштердегі саны			Жоспар	Факт	ауыт. %	ауытқу себептері	Меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты шыққан материалдар, отын және энергия шығынына қатысты міндеттемелер		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша шығындары өзілету, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша өнімділігі тиімділігі		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша өнімділігі тиімділігі					
				жоспар	факт						Амортизация	Пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың				
		Рудный қаласы бойынша 2025 жыл					799 272	997 980	125																	
		Қазандық цехының негізгі жабдықтарын күрделі жөндеу					559 848	686 329	123																	
1		Қазандық цехының негізгі жабдықтарын күрделі жөндеу. №2 ст. ТП-170 бу қазанын күрделі жөндеу.	дана	1	1		181 984	212 474	117								1,1%	14,4%								
2		Қазандық цехының негізгі жабдықтарын күрделі жөндеу. №5 БКЗ-220 бу қазанын күрделі жөндеу.	дана	1	1		108 221	186 881	173								0,4%	7,1%								
3		Қазандық цехының негізгі жабдықтарын күрделі жөндеу. №1 ст. ПТВМ-100 су жылыту қазанын күрделі жөндеу.	дана	1	1		269 643	286 974	106								0,4%	51,9%								
		Турбиналық цехтың негізгі жабдықтарын күрделі жөндеу.					147 933	192 868	130																	
4	Рудный қ. жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызмет	Турбиналық цехтың негізгі жабдықтарын күрделі жөндеу. Техникалық диагностикалу нәтижелері бойынша №1 ст. Т-58/25-90 турбинасының ақауларын жою.	дана	1	1	2025 жыл	147 933	192 868	130	799 272							3,1%	15,7%							көрсеткіштерге қоп жеткізілді	қол жеткізді
		Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу					91 491	118 783	130																	
5		Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу. № 2 түтін құбыры (су жылыту қазандығы), 7 деңгейлі қалтамені орауду.	дана	1	1		53 667	53 667	100								0,0%	19,6%								
6		Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу. СКЦ Қайта пиеу қандарының қранжолдарын күрделі жөндеу. пржеу №9, пржеу №КЗ246С2460146801 - 400м	м	400	400		37 825	65 117	172								0,0%	17,4%								

2025 жылға Рудный қаласы бойынша жылу энергиясын өндіруге арналған «ССКӨБ» АҚ тарифтік сметасы

Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Пайыздық ауытқу	Ауытқу себептері
Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге арналған шығындар, барлығы	мың тт.	6 293 373	11 246 660	78,7%	
Материалдық шығындар, барлығы	мың тт.	3 869 123	5 269 261	36,2%	
Шикізат және материалдар	мың тт.	10 148	17 612	73,6%	
Сатып алынған өнімдер мен жартылай фабрикаттар	мың тт.	115 612	121 071	4,7%	
Отын	мың тт.	3 710 731	5 076 417	36,8%	
көмір	мың тт.	3 231 849	4 111 962	27,2%	Көмір тасымалдау бағасының өсуі есебінен шығындардың ұлғаюы. Көмір көлемінің өсуі 28.07.2024 ж. бастап ТГ-3 апаттық жөндеуге байланысты көмірдің үлестік шығынының ұлғаюымен байланысты.
газ	мың тт.	478 882	964 455	101,4%	Шығындардың өсуі өндіруші жабдықты жөндеу кестесінің өзгеруіне байланысты газды су жылыту қазандығынан жылу энергиясын босату көлемінің ұлғаюына байланысты отын шығынының ұлғаюымен байланысты
Басқа материалдар, ЖКМ	мың тт.	32 632	54 161	66,0%	Сатып алу рәсіміне сәйкес ТМҚ сатып алу бағасының өсуі
Еңбекақы төлеу шығыстары, барлығы	мың тт.	761 246	1 154 132	51,6%	Инфляция деңгейін және соған байланысты әлеуметтік аударымдарды ескере отырып, орташа жалақының (АЕК-тің ең төменгі есептік көрсеткіші) өсуі
Амортизация	мың тт.	799 272	1 805 089	125,8%	Капиталдандырылған жөндеулер есебінен амортизациялық аударымдар бойынша шығындардың ұлғаюы
Ремонт	мың тт.	113 559	455 351	301,0%	Сатып алу рәсіміне сәйкес ТМҚ сатып алу бағасының өсуі, жөндеу санының артуы
Прочие затраты	мың тт.	422 920	1 586 472	275,1%	
в том числе:					
ҚОҚ қорына аударымдар	мың тт.	131 437	207 331	57,7%	Мыналар есебінен шығындардың ұлғаюы - нақты өлшемдерге сәйкес қоршаған ортаға шығарындылар концентрациясының өзгеруі, - қоршаған ортаға эмиссиялар үшін Салық кодексіне және қолданыстағы АЕК сәйкес төлемақы мөлшерлемелерінің өсуі
бөгде ұйымдардың қызметтері	мың тт.	259 348	1 297 798	400,4%	Қызмет көрсетуге арналған шарттарға сәйкес шығындарды орындау
Услуги полученные от подразделений комбината	мың тт.	327 252	976 354	198,3%	
в том числе:					
КТЖКБ (тж көлік басқармасы)	мың тт.	77 103	195 303	153,3%	Теміржол көлігімен көрсетілген қызметтердің нақты өзіндік құнына сәйкес
"Кен автоматикасы" ӨТБ	мың тт.	14 470	20 527	41,9%	Өлшеу және автоматтандыру құралдарын жөндеу, пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің нақты өзіндік құнына сәйкес
АКУ (автокөлік басқармасы)	мың тт.	136 051	253 527	86,3%	Көмірді түсіруде тракторлық және бульдозерлік техникамен көрсетілген қызметтердің нақты өзіндік құнына сәйкес
Қойма қызметтері	мың тт.	78 846	124 976	58,5%	Арнайы киім және ТМҚ алу бойынша көрсетілген қызметтердің нақты өзіндік құнына сәйкес
ҚКЦ	мың тт.		129 823		Автокөлік техникасын пайдалану бойынша нақты шығындар
Басқару басшылығы	мың тт.		126 115		Заңгерлік, бухгалтерлік және қаржылық, ақпараттық технологияларды, сатып алуларды, кадрларды қоса алғанда, орталықтандырылған функциялардың нақты шығыстары, біліктілікті арттыру орталықтары және т.б. бөлімшенің өндірістік қызметіне байланысты көлемде.
Кезең шығыстары, барлығы	мың тт.		19 576		
Қызмет көрсетуге арналған барлық шығындар	мың тт.	6 293 373	11 266 236	79,0%	
Табыс (РАБ * БТ)	мың тт.		-5 515 510		
оның ішінде табыс (РАБ * БТ) (бөгде)	мың тт.		-3 791 366		
Реттелетін активтер базасы (РАБ)	мың тт.	9 669 980	11 995 432	24,0%	
Барлығы (шығындар+кіріс)	мың тт.	6 293 373	11 266 236	79,0%	
оның ішінде:					
Сатылған қызметтерден түсетін кіріс	мың тт.	6 293 373	5 750 725	-8,6%	
оның ішінде бөгде тұтынушыларға сатылған қызметтерден түсетін кіріс	мың тт.	4 338 185	3 959 446	-8,7%	
Көрсетілетін қызметтердің көлемі	Гкал	1 419 622,50	1 281 831,15	-9,7%	
оның ішінде бөгде тұтынушыларға сатылған қызметтердің көлемі	Гкал	978 582,51	881 859,03	-9,9%	
оның ішінде "ССКӨБ"АҚ-ның меншікті тұтыну көлемі	Гкал	441 040,00	399 972,12	-9,3%	
Өндіріс тарифі	теңге/Гкал	4 433,13	4 433,13		
2025 жылғы 1 қаңтардан 31 шілдеге дейін	теңге/Гкал	4 078,81	4 078,81		
2025 жылғы 1 тамыздан 31 желтоқсанға дейін	теңге/Гкал	5 054,62	5 054,62		